

Тамақтану

Мектеп оқушыларына 2 қыркүйектен бастап 4 апталық ас мәзіріне сәйкес тамақтану ұйымдастырылды. Асханадағы «Ас мәзірі» бұрышына 4 апталық ас мәзірі, күнделікті ас мәзірі, тамақтану кестесі, тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамы мен жұмыс жоспары ілінді.

Күнделікті ас мәзірі бекітілініп, ілінеді. Мектеп медбибісі күнделікті тамақ сапасын тексеріп, бракеражды журналды толтырады.

Қазіргі уақытта 1-4 сыныптардың 430 оқушысы және 5-11 сыныптардағы АӘК алушы, аз қамтылған, қамқорлықтағы, ТЖ тобындағы 18 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Жалпы мектеп бойынша ыстық тамақпен 540 оқушы тамақтанады.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия айына 1 рет және қажетті жайдайда тамақ сапасын тексеріп отырады. Тамақтану бойынша қандайда бір сұрақтар туындаса, төмендегі телефондарға хабарласуларыңызға болады: 47-00-29, 47-26-87.





